

«3D ашық хат жасау»



Өткізген: бейнелеу өнері пән мұғалімі

А.Е.Бекенова

Сабақтың мақсаты:


- ▶ **Сурет салуға, түстерді ажырата алуға;**
- ▶ **берілген тапсырмаларды дұрыс орындай алуға үйрету;**
- ▶ **Оқушыларға ашық хаттар, олардың түрлері, жасау мазмұны туралы түсінік беру**

Психологиялық ахуал

**Біздің күлкіміз көңілді,
Жеткізсін жылу мен шаттықты.
Бөліскен жақсы ғой өмірде,
Қуаныш, мейірім, бақытты.**

«Ой қозғау»

- ▶ Суреттерге байланысты мереке атауларын сәйкестендіру







Сұрақ:

Әр адамның мінезін, көңіл-күйін жазулары бойынша білетін болсақ, енді біздер достарымыз, аналарымызға, жалпы адамдарға жақсы көңіл-күй сыйлау үшін не істей аламыз?

Жаңа сабақ

Ерте кезден адамдардың мереке қарсаңында бір-бірін ашық хаттар арқылы құттықтау дәстүрі бар. Ашық хаттар әр алуан мереке, мейрамдарға атап айтқанда, наурыз, жаңа жыл, туған күн, 8- наурызға арналып жасалынады. Ізгі тілектер жазылған әдемі ашық хатты жанында жүрген досыңнан алынғанның өзі ғанибет. Құттықтау ашық хаттар әдетте сурет пен мәтіннен тұрады. Сурет пен мәтін мазмұны жағынан ашық хат арқылы құттықтайтын мерекеге сәйкес келіп бір-бірімен түсі, стилі бойынша үйлесімді болуы шарт. Алғашқы ашық хаттар 1765 жылы Жапонияда пайда болған. Жапондар бір-бірін алғашқы қар және айдың толуымен, т.б. себептермен құттықтайды.

Ашық хат үлгілері





Шығармашылық жұмыс

Ашық хаттарды жасауға нұсқаулық беру:

- ▶ **1. Ашық хатты қандай мерекеге арнап жасағың келетінін ойлан. Туған күн, жаңа жыл, наурыз мерекесі , т.б.**
- ▶ **2. Мәтінін дайындап ал.**
- ▶ **3. Мәтінмен суретті дұрыс үйлестір.**
- ▶ **4. Қызықты әрі әсерлі суреттерді таңдап ал.**

«1 наурыз – Алғыс айту күні» мерекесіне арнап ашық хат үлгісін жасау

Қажет құралдар:

- Түсті қағаздар
- Желім
- Қайшы
- Фломастер

Сабақты бекіту

Сұрақ – жауап

- 1. Алғашқы ашық хат қай елде пайда болды?*
- 2. Ашық хаттарды не үшін сыйлаймыз?*
- 3. Ашық хатты жасау үшін қандай материалдар қажет?*
- 4. Ашық хаттың құрылымы қандай болады?*

Бағалау

Жапырақтарды жинау арқылы бағалау

- ▶ 5 жапырақ – 5
- ▶ 4 жапырақ – 4
- ▶ 3 жапырақ – 3

Үй тапсырмасы

8 наурыз мерекесіне ашық хат жасап келу



Сабақ сәттері

